

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ
Сот сараптамалары
орталығы РМҚК филиалы
Ақтобе өңіраралық
сот сараптамалары орталығы
(Ақтобе, Атырау, Батыс Қазақстан және
Маңғыстау облыстары)



РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН
МИНИСТЕРСТВО ЮСТИЦИИ
Филиал РГКП Центр судебных
экспертиз
Актюбинский межрегиональный
центр судебных экспертиз
(Актюбинская, Атырауская,
Западно-Казахстанская и
Маңғыстауская области)

030000, Ақтобе қаласы, 12 мөлтек ауданы, 30А
телефон/факс: 8 (7132) 23 36 40
e-mail: aktobe@cse.kz

030000, город Ақтобе, 12 микрорайон, 30А
телефон/факс: 8 (7132) 23 36 40
e-mail: aktobe@cse.kz

12.10.2023 № 20-1/02-02-4103

РМҚК «Ақтобе өңіраралық сот сараптамалары орталығының» директоры,
медицина ғылымдарының кандидаты С.Б.Рахмановтың
«Адам анатомиясы» оқулығына

ПІКІРІ

Оқулық авторлары С.Ж.Асфендияров атындағы Қазак Ұлттық медицина университетінің «Қалыпты анатомия» кафедрасының профессор-оқытушылық құрамы: лектор Шақенов Б.Ш., м.ғ.к., доцент Ахмад Н.С., м.ғ.д., профессор Досаев Т.М., лектор Ысқақова Л.Ә.

Жоғары медициналық білім беру бағдарламаларында жүргізілген реформаларға сәйкес, соның ішінде мемлекеттік тілде орындалатын оқу – әдістемелік әдебиеттерге қойылатын талаптар жыл сайын күшейіп, жаңартулар мен толықтырулар енгізуді қажет етеді. Осы орайда, медициналық білім берудегі базалық пәндер, соның ішінде «Анатомия» пәні ең негізгі пән болғандықтан, барлық факультеттерде оқытылып, жалпы клиникалық пәндердің негізі болып саналады. Бүгінгі таңда, Тәуелсіз Қазақстанның қарқынды дамуының бірден-бір көрінісі – медициналық жоғары оқу орындарында мемлекеттік тілде оқитын факультеттерде студенттер санының артуы, мемлекеттік тілде жазылатын оқулықтарға үлкен өзгерістер мен терминдер баламаларын қолданысқа бейім және түсінікті етіп жазуды талап етеді. Осы бағытта, авторлармен орындалған «Қалыпты анатомия» оқулығы заманауи талаптың сұранысы болып табылады.

Оқулық жатық тілде жазылған, сонымен қатар классикалық анатомия – «жүйелік анатомияның» негізінде орындалған. Бүгінгі күні қолданыстағы оқулықтарда – кейбір бөлімдер, соның ішінде иммундық жүйе мүшелерінің анатомиясы қысқаша немесе толық емес берілген. Ал, аталған оқулықта иммундық жүйе мүшелері бойынша толық, жан – жақты сипатталып, авторлардың орындаған ғылыми жұмыстарындағы өзіндік еңбектерінен алынған бірқатар ақпараттар берілген (профессор Т.М.Досаевтың ғылыми жұмыстары нәтижелері). Иллюстрациялық материалдары түрлі – түсті және сапалы, ақпараты мол. Қолданылған анатомиялық терминдер жалпы терминологияның талаптарын бұзбайды және қолданыстағы жалпыға ортақ анатомиялық терминдер алынған.

Сараптамаға ұсынылған «Адам анатомиясы» оқулығы мемлекеттік білім беру стандарттары талаптарына сәйкес орындалған және «Жалпы медицина», «Педиатрия», «Әскери медицина», «Стоматология» және т.б. факультеттердің анатомия пәні бойынша оқу жоспарлары толық қамтылған. Оқулық медициналық білім беру саласында үлкен сұранысқа ие және бастан шығаруға толық мүмкіндігі бар.

РМҚК «Ақтобе өңіраралық
сот сараптамалары орталығының»
директоры, медицина ғылымдарының
кандидаты

С.Б.Рахманов

000321